

Шетелдің қатысуымен құрылған банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасы 1999 жылғы 18 маусымдағы N 128 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 856. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысымен. ~V001189

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Шетелдің қатысуымен құрылған банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Шетелдің қатысуымен құрылған банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Есептеу жұмысы департаменті (Денисов Ю.Л.) бір ай мерзімде Шетелдің қатысуымен құрылған банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру ережесіне сәйкес шетелдің қатысуымен құрылған банктердің қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі мәліметтерді жинау және өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлесін.

4. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) осы қаулыны және Шетелдің қатысуымен құрылған банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 18 маусымдағы
N 128 қаулысымен бекітілген

Шетелдің қатысуымен құрылған банктер қаражатының
бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру ережесі

Осы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің Z952444_ "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасына салынатын инвестицияны арттыру үшін әзірленген және шетелдің қатысуымен құрылған банктер үшін өз қаражатын ішкі активтерге орналастырудың міндетті нормаларын белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қаражатты ішкі активтерге орналастыру коэффициентінің ең аз шамасы ("K(ва)") 1-ден (бірліктен) кем болмауға тиіс және ол ішкі активтер сомасының банктің есеп беретін айдан кейінгі айдың біріндегі жағдай бойынша анықталатын меншікті капиталының шамасына қатысына қарай есептеп шығарылады.

$K(ва) = VA/K$, мұндағы

K (ва) - банктің ішкі активтеріне қаражат орналастыру коэффициенті.

VA - банктің ішкі активтерінің сомасы,

K - банктің меншік капиталының шамасы.

Төленген жарғылық капиталдың шамасы меншікті капиталдың сомасынан

артық болған жағдайда банктердің қаражаты ішкі активтерге орналастыру коэффициенті төленген жарғылық капиталдың шамасына қарай есептеп шығарылады және банктің ішкі активтер сомасының есеп беретін айдан кейінгі айдың біріндегі жағдай бойынша алынған банктің төленген жарғылық капиталының шамасына қатысы болып табылады.

$K(ва) = VA/УК$, мұндағы

$K(ва)$ - $K(ва)$ - банктің ішкі активтеріне қаражат орналастыру коэффициенті.

VA - VA - банктің ішкі активтерінің сомасы,

$УК$ - банктің төленген жарғылық капиталының шамасы.

Банк осы ережеде белгіленген талаптарды бұзған сайын немесе есеп беруді уақытында тапсырмағаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы банктің ішкі активтеріне қаражат орналастыру коэффициентінің ең аз шамасын осы банк үшін есеп беретін кезеңнен кейінгі күннен бастап үш ай мерзімге дейін 0,1 немесе 10 процентке көбейтеді.

2. Банктің меншік капиталының шамасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 219 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережесіне сәйкес есептеп шығарылады.

3. Банктің шетел валютасындағы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі.

4. Банктің ішкі активтері мыналардан тұрады:

- қолма-қол ақша - баланстық шоттары: 1001 "Кассадағы қолма-қол ақша"; 1002 "Жолдағы банкноттар мен металл ақша"; 1003 "Айырбас пункттеріндегі қолма-қол ақша"; 1005 "Банкоматтардағы қолма-қол ақша";

- резидент емес банктер мен шетелдің қатысуымен құрылған банктерге орналастырылғаннан басқа аффиниирленген қымбат металл - баланстың шоты 1004 "Аффиниирленген қымбат металл"; 1006 "Жолдағы аффиниирленген қымбат металл"; 1601 "аффиниирленбеген қымбат металл";

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі қаражат-баланстық шоттары: 1051 "Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоты", 1101 "Овернайт кредиті - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде"; 1103 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі міндетті депозиттер";

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының басқа да резиденттерінің борыштық міндеттемелері - баланстық шоттары: 1201 "Сатуға арналған кесімді кірісі бар бағалы қағаздар", 1202 "Сатуға арналған кесімді кірісі бар бағалы қағаздар"; 1202 "Сатуға арналған кірісі кесімді емес бағалы қағаздар"; 1151 "Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары"; 1152 "Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері"; 1153 "Қаржы министрлігінің қазынашылық облигациялары",

1154 "Қаржы министрлігінің қазынашылық бондары"; 1102 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі мерзімді депозиттер"; 1155 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландыруға қабылдап алатын басқа да жоғары өтімді бағалы қағаздар"; 1451 "Өтелгенге дейін ұсталатын кесімді кірісі бар бағалы қағаздар"; 1452 "Сатуға жарайтын, кесімді кірісі бар бағалы қағаздар"; 1454 "Сатуға жарайтын, кірісі кесімді емес бағалы қағаздар"; 1456 "Кері Репо" операциялары"; 1405 "Клиенттердің еске алынған вексельдері"; 1471 "Еншілес компанияларға салынатын инвестиция"; 1472 "Қауымдастырылған компанияларға салынатын инвестиция" - Қазақстан Республикасының резиденттері;

- шетелдің қатысуымен құрылған банктерден басқа резидент-банктерге теңгемен және шетел валютасымен берілген кредиттер, депозиттер және қаржылық лизингтер - баланстық шоттары: 1251 "Басқа банктерде орналастырылған овернайт депозиттері"; 1252 "Басқа банктерде орналастырылған қысқа мерзімді депозиттер (1 айға жетпейтін)"; 1254 "Басқа банктерде орналастырылған орта мерзімді депозиттер"; 1255 "Басқа банктерде орналастырылған ұзақ мерзімді депозиттер"; 1256 "Басқа банктердің депозиттер бойынша мерзімі өткізілген берешегі"; 1257 "Басқа банктердің депозиттер бойынша тыйым салынған берешегі"; 1302 "Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді кредиттер"; 1303 "Басқа банктерге берілген орта мерзімді кредиттер"; 1304 "Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді кредиттер"; 1305 "Басқа банктерге берілетін қаржы лизингі"; 1306 "Басқа банктердің кредит бойынша мерзімі өткізілген берешегі"; 1307 "Басқа банктердің кредит бойынша тыйым салынған берешегі";

- шетелдің қатысуымен құрылған банктерден басқа резидент-банктердегі теңгелік және шетел валютадағы ностро шоттар - баланстық шоттары: 1301 "Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафттары"; 1052 "Банктің басқа банктердегі корреспонденттік шоттары";

- негізгі құралдар, материалдық қорлар және материалдық емес активтер - баланстық шоттары: 1602 "Басқа материалдық қорлар"; 1651 "Салынып (орнатылып) жатқан негізгі құралдар"; 1652 "Жер, ғимарат және құрылыстар"; 1653 "Компьютер жабдығы"; 1654 "Басқа да негізгі құралдар"; 1655 "Қаржылық лизингке қабылданған негізгі құралдар"; 1656 "Жалға беруге арналған негізгі құралдар"; 1657 "Жалға берілген ғимараттар бойынша күрделі шығындар"; 1659 "Материалдық емес активтер";

- заңды және жеке тұлға резиденттерге теңгемен және шетел валютасымен берілетін кредиттер;

- басқа да дебиторлар және осы ережелерге сәйкес ішкі активтерге жатқызылған сомаларға байланысты клиенттермен есеп айырысу.

5. Банктер өз қаражатын есеп беретін айдың ішінде ішкі активтерге ішкі активтердің орташа айлық сомасының банктің есеп беретін айдан кейінгі айдың бірінде есептелген меншікті капиталының шамасына қатысы 1-ден кем болмайтындай етіп орналастырады.

6. Шетел қатысуымен құрылған банктердің ішкі активтерінің орташа айлық шамасы ішкі активтердің жалпы сомасының тиісті есеп беретін айдағы жұмыс күндерінің санына қатысы ретінде есептен шығарылады.

7. Банктер қаражаттың бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін осы ережелерге N 1 қосымшаға сәйкес үлгі бойынша есептеп шығарады және оны есеп беретін айдан кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей Ұлттық Банкке тапсырады.

8. Берілетін есептің нанымдылығы үшін банктер қолданылып жүрген

заңдарда көзделгендегідей жауап береді.

2-тарау. Қорытынды ережелер

9. Осы ережелердің талаптарын банк бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі оған ықпал етудің шектеулі шараларын немесе санкция қолдануға құқылы.

10. Осы ережелерде реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шешілуге тиіс.

11. Осы ережелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының шешімі бойынша шетелдің қатысуымен құрылған банк болып табылмайтын екінші деңгейдегі банктерге қолдануға болады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

1999 жылғы 18 маусымдағы
N 128 қаулысымен бекітілген
Шетелдің қатысуымен құрылған
банктер қаражатының бір бөлігін ішкі
активтерге орналастыру ережесіне
N 1 қосымша

Шетелдің қатысуымен құрылған банктер

қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге

орналастыру туралы

Мәлімет

(банктің атауы)

1999 жылғы " __ " _____

Есепшот N	Күні						Барлығы
	1	2	3	...	31		
1001							
1002							
1003							
1004							
1005							
1006							
1051							

1452							
1454							
1456							
1471							
1472							
1552							
1601							
1602							
1651							
1652							
1653							
1654							
1655							
1656							
1657							
1659							
1850							
Ішкі							
активтердің							
жиынтық							
сомасы (ВА)							

--	--	--	--	--	--	--

Ай ішіндегі жұмыс күндерінің саны _____
Банктің меншікті капиталының шамасы (К) _____
Ішкі активтердің орташа айлық шамасы _____
Нақты төленген капиталдың жарғы мөлшері _____
К (ва)= _____
Банктің бастығы _____
Бас бухгалтер _____

Оқығандар:

Умбетова А.М.

Нарбаев Е.А.